

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасынан үзінді

2026 жылғы 29 мамыр

Қатысқандар: 15 адам

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының есебі мен талдауы.
2. 2025–2026 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелері.
3. Мамандардың атқарылған жұмыстары туралы есебі: логопед Данилочкина Н.Н. және Тайлакбаева А.Е.
4. «SABA-16» ЖШС «Арай» балабақшасының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия қорытындысы.
5. 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарды талқылау және бекіту.

Педагогикалық кеңестің барысы:

4. «SABA-16» ЖШС «Арай» балабақшасының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия қорытындысы бойынша балабақша меңгерушісі Самаева М.С. сөз сөйледі. Марал Сайлаубекқызы педагогикалық ұжымды балабақшаның өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстырды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері білім беру-тәрбие процесін нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-құқықтық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету жалпы алғанда мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін көрсетті.

Сонымен қатар, меңгеруші өзін-өзі бағалау қорытындылары мен оған қоса берілетін материалдар балабақшаның сайтында жариялануы тиіс екенін атап өтті.

Шешім:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындылары мен оған қоса берілетін материалдар балабақшаның сайтында жариялансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы  Самаева М.С.

Педагогикалық кеңестің хатшысы  Тайлакбаева А.Е.

